

2009 жылы Успен ауданында қоғамдық жұмысты ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 27 қаңтардағы N 39/1 қаулысы. Павлодар облысы Успен ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 5 наурызда N 65. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі N 1-19/296 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2010.04.15 N 1-19/296 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 13) тармақшасы, Қазақстан Республикасының "Тұрғындарды жұмыспен қамтылуы туралы" Заңының 20 және 7 бабының 5 тармағына, "Тұрғындарды жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметімен 2001 жылы 19 маусымында N 836 қаулысымен бекітілген жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамтуда көмек жасау мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Успен ауданының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Г.Ж. Шаихова) кәсіпорындармен және ұйымдармен (келісім бойынша) аудандағы жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыс келісім шарт арқылы ұйымдастырсын.

2. Кәсіпорындар мен ұйымдардың тізбесі, сұраныс және ұсыныстар, келісім шарттарда атқарылған жұмыстар көлемі, қаржыландыру көздері 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Қоғамдық жұмыс түрлері 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Дәрігерлік-кеңесші комиссиясының анықтамасы бойынша еңбекке шек қойылған азаматтар және 3 топтағы мүгедек жұмыссыздар қоғамдық жұмыстарға денсаулығына сәйкес медицина мекемелері ұсынған жұмыс түрлеріне жіберілсін.

5. Қоғамдық жұмысқа қатысушыларға еңбекақы республика бойынша ең төменгі айлық мөлшерінде бекітілсін.

6. Тұрғындардың мақсатты тобына жататын жұмыссыздардың қоғамдық жұмыстардың жекелеген түрлеріне қатысу мерзімі бір жылға дейін деп бекітілсін.

7. Успен ауданының "Қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Жүніспаева С.О.) әлеуметтік жұмыс орындарының аудандық бюджеттен бөлінген қаражат көлемінде өз уақытында қаржыландырылуын қамтамасыз етсін.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.В.

И л ь и н а ғ а

ж ү к т е л с і н .

9. Осы қаулы ресми жарияланған күннен 10 күн өткен соң қолданысқа енеді.

Аудан әкімі:

Н. Әутәліпов

Келісілді:

"Успен ауданының қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы Д. Буксман
2009 ж. 26 қаңтар

Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар
облысы дене тәрбиесі және спорт басқармасы
"Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі"
Қазынашылық коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорнының директоры А. Калыков
2009 ж. 26 қаңтар

У с п е н а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2009 жылғы 27 қаңтардағы N 39/1
қаулысына 1 қосымша

**Кәсіпорындар мен ұйымдар тізімі, сұраным және ұсыныс,
көзделген қаржыландыру**

| N p/c | Кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер атауы | Қажеттілік берілген ұсыныс | бекітілген Қағида | Қаржыландыру көздері |
|-------|---|----------------------------|-------------------|----------------------|
| 1 | "Успен ауылдық округ әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 62 | 62 | Аудандық бюджет |
| 2 | "Успен ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) | 4 | 4 | Аудандық бюджет |
| 3 | Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы дене тәрбиесі және спорт басқармасы "Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" қазынашылық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (келісім бойынша) | 3 | 3 | Аудандық бюджет |
| 4 | "Қаратай ауылының әкім аппараты" мемлекеттік мекемесі | 4 | 4 | Аудандық бюджет |
| 5 | "Богатырь ауылының әкім аппараты" мемлекеттік мекемесі | 5 | 5 | Аудандық бюджет |
| 6 | "Лозов ауылдық округ әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 6 | 6 | Аудандық бюджет |
| 7 | "Ковалев ауылдық округ әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 6 | 6 | Аудандық бюджет |
| 8 | "Қозыкеткен ауылдық округ әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 8 | 8 | Аудандық бюджет |

| | | | | |
|----|---|-----|-----|-----------------|
| 9 | "Ольгин ауылдық округ әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 6 | 6 | Аудандық бюджет |
| 10 | "Тимирязево ауылының әкім аппараты" мемлекеттік мекемесі | 6 | 6 | Аудандық бюджет |
| 11 | "Равнополь ауылдық округ әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 13 | 13 | Аудандық бюджет |
| 12 | "Надаровка ауылдық округ әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 8 | 8 | Аудандық бюджет |
| 13 | "Қонырөзек ауылдық округ әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 8 | 8 | Аудандық бюджет |
| 14 | "Тобылжан ауылының әкім аппараты" мемлекеттік мекемесі | 3 | 3 | Аудандық бюджет |
| 15 | "Новопокровка ауылдық округ әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | 8 | 8 | Аудандық бюджет |
| | Аудан бойынша жиынтығы | 150 | 150 | |

У с п е н а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2009 ж ы л ғ ы 27 қаңтардағы N 39/1
қаулысына 2 қосымша

2009 жылға арналған қоғамдық жұмыстар түрлерінің тізімі

1. Қоныстанған аумақ пунктерінде қолмен жинау жұмыстары, көне құрылымдарды бұзу, қоқым жүк тиеу, автожолдардың құламаларында шөптерді және бұталарды шауып алу, қардың және қарлы борасындардың тазалауы, т а й ғ а қ п е н к ү р е с .

2. Жолдарды жөндеу, канализациялық су жүргізу, коммуникацияларын салу, көктемгі жұмыстар және қалпына келтіру жұмыстары құрылыстарына көмек к ө р с е т у .

3. Әлеуметтік-қоғамдық объектілердің, үйлердің құрылысын қалпына келтіру , реконструкциялау және жөндеу жұмысы құрылыстарына көмек көрсету.

4. Мәдениетті және тарихи ескірткіштерді қалпына келтіру және жөндеу жұмыстарына к ө м е к к ө р с е т у .

5. Ауылдық қоныстанған пунктердің экологиялық жақсартуы (сәулеттендіру ж ә н е к ө г а л д а н д ы р у) .

6. Мәдениетті шаралардың өткізуінде көмек (спорттық жарыстар, фестивальдар). Еңбекшілердің қысқы және жазғы бос уақытын ұйымдастыру, шаңғы жолдарын құру, қысқы қалашықтар, спорттық жазғы алаңдар.

7. Республикалық және аймақтық қоғамдық науқандардың өткізуінде көмек (қоғамдық пікір-сұрақ, халық санағында қатысу, мүлік ресмилендіруінде көмек ж ә н е т . б .) .

8. "Успен ауданының қорғаныс істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне

тіркелген және әскер жасындағы науқандарды өткізуде көмек көрсету.

9. Учаскелік комиссияға үйлерді аралап шығуда көмек көрсету.

10. Жалғыз қарт және ауру мүгедектерге оттың дайындауында, көмірдің
к і р г і з у і н д е к ө м е к .

11. Мектеп асханаларына жұмысшылар ретінде көмек көрсету.

12. Мәдениетті-әлеуметтік және қоғамдық ұйымдарда ошақтардың от
жағушылары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК